



ҚАРАҒАНДЫ ФИЛИАЛЫ ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

**БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ № 24
2016 жылғы 05 желтоқсан**

Төлем карточкаларын пайдалана отырып, қолма-қол жасалмайтын есеп айырысулардың дамуы туралы

2016 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша төлем карточкаларын шығаруды іс жүзінде 25 екінші деңгейдегі банк және «Қазпочта» АҚ жүзеге асырады.

Аталған ұйымдар халықаралық жүйелердің төлем карточкаларын шығарады және таратады (олардың үлесі – 97,8%): VISA International, MasterCard Worldwide, American Express International және UnionPay International. Бұдан басқа Қазақстан банктері жергілікті жүйелердің төлем карточкаларын шығарады: Altyn Card – «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және Ситибанк Қазақстан жергілікті карточкасы - «Ситибанк Қазақстан» АҚ.

2016 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша банктер 15,5 млн. төлем карточкаларын шығарды, ал бұл карточкаларды ұстаушылар саны – 14,1 млн. адам болды (2015 жылғы осындай күнгі жағдаймен салыстырғанда – тиісінше 7,1% және 3,1% азаю). Ең қолайлы таралған карточкалар дебеттік карточкалар болып табылады, осы карточканың көмегімен карта ұстаушылары, тек осы карточканың шотындағы соманы ғана пайдалана алады, олардың үлесі 80,8%, кредиттік карточкалардың үлесі – 15,4%. Кредиттік лимиті бар дебеттік карточкалардың және алдын ала ақысы төленген карточкалардың үлесіне тиісінше 3,0% және 0,8% сәйкес келеді.

2016 жылғы қазанында қазақстандық эмитенттердің төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалған транзакциялардың көлемі 904,8 млрд. теңге болды (2015 жылғы қазан айымен салыстырғанда өсу 27,4%). 2016 жылғы қазан айында транзакциялар саны 29,0 млн. транзакция болды және 2015 жылғы қазан айымен салыстырғанда 24,2% ұлғайды. Бұл ретте қолма-қол жасалмайтын төлемдер санының және сомасының өсуі 47,7% (транзакциялардың саны 11,0 млн. транзакция болды) және 58,4% (транзакциялардың көлемі 148,7 млрд. теңге болды), ал қолма-қол ақшаны алу бойынша операциялардікті тиісінше 13,1% (транзакциялардың саны 17,9 млн. транзакция болды) және 22,7% (транзакциялардың көлемі 756,1 млрд. теңге) болды.

Қолма-қол жасалмайтын төлемдердің негізгі үлесі POS-терминалдар (қолма-қол жасалмайтын төлемдердің жалпы санынан және көлемінен 56,0% және 59,3%) және интернеттар (тиісінше 34,1% және 26,8%) арқылы жасалды.

Қолма-қол ақшаны беру операциялары негізінен банкоматтар арқылы жасалды (қолма-қол ақшаны беру бойынша операциялардың жалпы санынан және көлемінен 94,9% және 85,3%).

Қарағанды облысы бойынша 2016 жылғы 1 қарашадағы жағдай төмендегідей:

- Айналымдағы карточкалар саны – 1103,1 мың бірлік.
- Карточка ұстаушыларының саны – 1001,4 мың адам.
- Қолданылған карточкалардың саны – 643,2 мың бірлік.
- POS – терминалдар саны – 8840 дана.
- Банкоматтар саны – 752 дана.
- Сауда кәсіпорындарының саны – 5629 бірлік.
- Банк киоскілерінің саны – 117 дана.
- Төлем терминалдарының саны – 1671 дана.

2016 жылдың қазан айында қолма-қол ақшасыз төлемдері 282,3 мың транзакция сомасы 4582,5 млн. теңге, қолма-қол ақшаларды беру операцияларының саны 1489,6 мың транзакция сомасы 58894,4 млн. теңге.